

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мелекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бос лауазымға орналасуға конкурсы туралы хабарландыру**

**Жаңатас қаласы**

«14» тамыз 2023 жыл

Конкурс өтетін мекен-жайы: Пошталық индексі 080700, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, 5 мөлтек ауданы, 1 үй. Анықтама үшін телефон: 87263462614, 87021157497 электрондық мекен-жай: Kolledzh@mail.ru.

«Жаңатас көпсалалы колледжі» МКҚК – на қажетті мамандар **химия** (арнайы пән оқытушылары)

«Мемлекеттік білім беру үйімдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тагайындау, лауазымынан босату қағиадарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандагы № 57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы КР Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 22 жеселтоқсандағы № 513 бұйрығына сәйкес конкурс жүргізіледі.

**Арнайы білім беретін пәндердің оқытушысының біліктілік талаптары:**

Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білімі және жұмыс стажына талап қойылмайды.

Және (немесе) біліктілігі орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл, педагог – сарапшы үшін-кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл, педагог – шебер үшін-5 жыл.

**Лауазымдық міндеттері:**

- Оқу және оқу-әдістемелік жұмысты үйімдастырады және жүргізеді.
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді.
- Білім алушылардың оқуын әдістемелік ғылыми деңгейде өткізеді, олардың өзіндік жұмыстарын үйімдастырады және бақылайды.
- Оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес оқыту бағдарламаларын әзірлеу және орындауға қатысады, білім алушылардың білім сапасына жауап береді.
- Оқу процесін жетілдіру жөнінде ұсыныс жасайды.
- Білім алушылардың жеке қабілеттерін, мұдделерін және бейімділіктерін зерделейді.
- Білім алушыларда кәсіптік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырады, алған білімдерді тәжірибелік қызметте қолдануға оларды дайындайды, бітірушілерді даярлаудың сапасын қамтамасыз етеді.
- Оқыту процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен деңсаулығын қоргауды қамтамасыз етеді.
- Техника қауіпсіздігі мен өртке карсы қорғау талаптарын орындаиды.

Арнайы пән оқытушыларының жалақысы: 120 000 – 180 000 т.т. аралығы (еңбек өтіліне орай және оқу жыл басындағы бөлінген сағат сандарына орай)

**Қатысушы педагог білуге міндетті:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы", Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Зандарын, Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есеп мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін,
- білім алушыларға білім және тәрбие беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін,
- ғылыми-әдістемелік, үйымдастыру-басқару мәселелерін шешу үшін қажетті көлемде жалпы теориялық пәндер негіздерін;
- педагогика, психология жастиқ физиология, гигиена негіздерін;
- тәрбие жұмысы мен оқытылатын пәннің әдістемесін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын;
- оқу кабинетін жарақтау мен жабдықтау талаптарын;
- оқу құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндігі; педагогтік ғылымның дамуының негізгі бағыттарын.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:**

- 1) осы Қағидаларға 10-косымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын қуәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты түрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бүйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық үйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық үйымнан анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы қуәлік (бар болса);
- 10) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кірісken, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

11) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парагы.

12) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

Конкурсқа қатысты көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтығы мен обьективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына келісім бойынша басқа білім беру үйімдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.

*Кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.*

Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жағары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сол тәртібімен шағымдана алады.

Кадр бөлімінің менгерушісі

Г.Айнекова